

Мәдениет

Аудандық «Мерейлі отбасы» байқауы

Қадым заманнан қоғамның темірқазығы мен діңгегі саналатын отбасы өнегесі, асыл құндылығымыз. Ғасырлар бойы «Отанды сүю – отбасынан басталады» деген ұғым қазақ қоғамында бұлжымас тұжырым ретінде тамырын тереңдетіп, Ұлы Дала елінің мызғымас тұғырнамасына айналды. «Отан – отбасынан басталады» деген сөз санамызға сіңірілді. Отанға деген махаббат – отбасымызға деген мейірім, анамызға деген махаббат – осының бәрі отбасымыздан бастау алады. Өйткені, әр отбасы береке мен бірлігі жарасқан шағын мемлекет.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Бүгінде отбасылық әулеттің негізгі тіректері – қарияны құрметтеу, ананы қадірлеу, балаға жастайынан тәлім-тәрбие беру десек, бұның барлығы ұлтымыздың ұлағаты мен өнегелі сал-



тында бар. Осы негізде ұлтымыздың өнегелі жолын қоғамға енгізу мақсатында жыл сайын елімізде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы ұйымдастырылып келеді. Биылда Ұлытау ауданында «Ме-

рейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық деңгейдегі іріктеу кезеңі өтті. Байыпты байқауда кенттер мен ауылдардан келген 13 отбасы бағын сынады. Аудандық комиссия мүшелері отбасы-

ның қоғамдағы белсенділігіне, қазақы құндылықтарды дәріптеуіне, салт-дәстүрді ұстануына баса назар аударып, жеңімпаз әулет пен жүлдегер отбасыларды анықтады. Байқау қорытын-



дысына сәйкес, жеңімпаз бен жүлдегерлерді ұлықтау салтанаты аудандық мәдениет үйінде өтті.

Іс-шара барысында аудан әкімі Аманжол Мырзабеков мерейі өскен жандарды құттықтап, ыстық ықыласын білдірді.

– «Мерейлі отбасы» байқауы – отбасы мен қоғам арасындағы рухани байланысты дәріптейтін тағылымды шара. Бүгінгі таңда, отбасы мәселесін сақтау, отбасы институтын нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру – маңызды мәселе. Өйткені, әрбір отбасы ар-намыс пен қуаныштың тілек пен үміттің ұясы. Әр отбасының бірлігі – ел бірлігі. Сондықтан, берекесі мен бірлігі жарасқан барлық отбасыларға амандық, шаңырақтарына бақ-береке тілеймін, – деді аудан басшысы.

→ 3-бет

Ауылым – алтын бесігім

Шағын ауылдағы спорт сайыстары республикалық деңгейдегі додаға айналды

Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ



Ұлытау ауданына қарасты Шеңбер ауылдық округінің орталығы Қорғасын ауылы іргесіндегі «Бәйгетөбе» жазығында «Шырайлы мекен – Шеңберім» атауы төлінген ұлттық спорт түрлерінен бәсекелі сайыстар өтті. Ұлытау облысының шалғайда орналасқан шағын ғана ауылында өткен дүбірлі додаға Ұлт ұясына іргелес жатқан Жаңаарқа ауданынан, Жезқазған, Сәтбаев қалаларынан тысқары, Астана қаласы, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл және Түркістан облыстарынан атбегілер, сайыпқыран спортшылар мен жанкүйер қауым қатысты. Ойда жоқта, осылайша, республикалық деңгейдегі додаға айналып кеткен ілкімді іс-шараны ұйымдастырушылар – ұлттық рухты ұлықтауға мүдделі ауыл жастары.

→ 8-бет

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттығына кандидаттардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес «Ұлытау» газетінің редакциясы» ЖШС сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге ақылы негізде орын беріп, сайлау науқаны туралы мынандай баға жариялайды. Сайлауалды үгіт материалдары және оны газетте орналастыру шарттары, орындарды беру тәртібі:

- материал көлемі шаршы сантиметрмен;
- газеттің бірінші бетіне орналастырылатын үгіт материалдарының көлемі 200 шаршы сантиметрден аспауы керек;
- сайлауалды үгіт материалдарына орындар бөлу редакцияға материалдардың түсу реті бойынша жүзеге асырылады.

Сайлауалды үгіт материалдарын газет бетіне жариялау үшін төлем мөлшері әр шаршы сантиметріне 354,78 теңгемен есептеледі.

Жариялауға арналған өтінімдерде төлем уақыты, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпаратты берген тұлғаның аты-жөні туралы мәліметтер болуы керек.

Өзекті

Су қауіпсіздігі – тұрақты бақылауда

Қазақстанда су ресурстарын тиімді басқару және гидротехникалық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігіне қарасты «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Ұлытау» филиалы өңірдегі стратегиялық маңызы бар су нысандарының қалыпты жұмысын қамтамасыз етіп отыр.



Бүгінде филиал Кеңгір, Жезді және Ақтасты су қоймаларына қызмет көрсетеді. Бұл нысандар Жезқазған мен Сәтбаев қалаларын, өндіріс орындарын және өзге де тұтынушыларды сумен қамтуда маңызды орын алады. Сондықтан су қоймаларының техникалық жай-күйін бақылау, олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету және уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу – кәсіпорын қызметінің басым бағыттарының бірі.

Филиал мамандары гидротехникалық құрылыстарды тәулік бойы бақылап, жоспарлы техникалық тексерулер мен профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізеді. Әсіресе көктемгі су тасқыны кезеңінде су қабылдау, су жіберу және су көлемін реттеу шаралары күшейтілген режимде ұйымдастырылады.

«Қазсушар» РМК «Ұлытау» филиалының директоры Болатбек Әбәліковтің айтуынша, жерүсті су ресурстарын тиімді басқару – қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты тетігі.

– Біз гидротехникалық құрылыстардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстаймыз. Жерүсті су ағынын реттеу, су тасқыны кезінде қауіпсіз су өткізу және нысандардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету – күнделікті атқарылатын негізгі міндеттеріміздің қатарында, – дейді филиал директоры.

Соңғы жылдары өңірдегі су инфрақұрылымын жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп келеді. 2026 жылы Кеңгір, Жезді және Ақтасты су қоймаларында кешенді техникалық зерттеу жүргізу жоспарланған. Зерттеу барысында гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайы, су айдындарындағы шөгінділердің көлемі және басқа да маңызды көрсеткіштер жан-жақты сараланады. Алынған мәліметтер алдағы уақытта су қоймаларын тиімді пайдалану мен жаңғырту

жұмыстарының нақты жоспарын әзірлеуге негіз болады.

Қазіргі уақытта Кеңгір су қоймасында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Жоба аясында гидротехникалық құрылыстардың жекелеген бөліктері тазартылып, құрғату жұмыстары жүргізілуде. Бұл мақсатқа 140 миллион теңгеден астам қаржы бөлінген.

Сонымен қатар бұрын ұзақ уақыт жүргізілмеген кешенді зерттеу жұмыстары қайта қолға алынды. Арнайы мамандар үш су қоймасының техникалық параметрлерін, түбіндегі шөгінділердің қалыңдығын және жалпы пайдалану жағдайын зерттеуде. Мұндай жұмыстар су қоймаларының қызмет ету мерзімін ұзартуға және оларды қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік береді.

Бүгінде өңірдегі су қоймаларындағы су көлемі қалыпты деңгейде сақталып отыр. Кеңгір су қоймасы 92 пайызға, Жезді су қоймасы 88 пайызға, ал Ақтасты су қоймасы 27 пайызға толған. Бұл қолданыстағы су пайдалану режимін сақтауға және тұрғындар мен өндіріс орындарының қажеттілігін қамтамасыз етуге жеткілікті.

Салада материалдық-техникалық базаны нығайтумен қатар, кадрлық әлеуетті арттыруға да басымдық берілуде. Су шаруашылығы жүйесінің тиімділігі білікті инженерлер мен жас мамандардың кәсіби даярлығына тікелей байланысты.

Жалпы, өңірдегі стратегиялық су қоймаларында атқарылып жатқан жұмыстар гидротехникалық құрылыстардың сенімділігін арттыруға, су ресурстарын тиімді басқаруға және ұзақ мерзімді су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жұмыстар өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Облыс жаңалықтары

Ұлытау облысында бұқаралық спортты дамыту және тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бұл бағытта Ұлытау ауданында да тілге тиек етерлік жетістіктер бар. Соңғы жылдары ауданның спорттық инфрақұрылымы кеңейіп, ауыл тұрғындарының спортпен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай жасалуда.

Спорт инфрақұрылымы қарқын алды



Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының берген мәліметінше, Ұлытау ауданында спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі 158 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш облыс бойынша ең жоғары деңгейдің бірі саналады және ауданның спорт саласында қалыптасқан әлеуетін көрсетеді. Ауданда соңғы жылдары пайдалануға берілген спорт нысандары тұрғындардың игілігіне қызмет етіп келеді. Әсіресе Қарсақбай, Жезді кентінде бой көтерген дене шынықтыру-сауықтыру кешені ауыл жастары мен ересектердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Мұнда спорттың бірнеше түрімен тұрақты түрде шұғылдануға барлық жағдай қарастырылған.

Спорт инфрақұрылымының дамуы бұқаралық спорттың өркендеуіне де оң әсерін тигізуде. Бүгінде аудан тұрғындары арасында ұлттық спорт түрлеріне, футбол, волейбол, баскетбол, күрес және жеңіл атлетикаға қызығушылық артып келеді. Ауылдық округтерде түрлі деңгейдегі жарыстар мен бұқаралық спорттық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып, оған әр жастағы тұрғындар белсенді қатысуда.

Жыл басынан бері облыс көлемінде екі жүзден астам спорттық іс-шара өткізілсе, оның бірқатары Ұлытау ауданында ұйымдастырылды.

Мұндай жарыстар жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға да өз үлесін қосуда.

Спорт саласын дамытуда материалдық-техникалық базаны нығайту мәселесіне де ерекше көңіл бөлінуде. Спорт нысандарын жаңарту, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасып келеді. Мамандардың айтуынша, аудандағы спорт инфрақұрылымының жоғары деңгейде қамтылуы ауыл тұрғындарының спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік беріп отыр. Бұл өз кезегінде жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, бұқаралық спортты дамытуға және тұрғындардың денсаулығын нығайтуға оң ықпал етеді.

Жалпы, Ұлытау ауданында спорт саласын дамытуға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Қолданыстағы нысандардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету, спорттық іс-шаралардың санын көбейту және жастарды дене шынықтырумен тұрақты айналысуға ынталандыру – ауданның спорт саясатының басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Ізбасар ОЙБАС.

«Таза Қазақстан» және «Жасыл ел»: ортақ мақсат, ортақ міндет

Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы мен «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының қызметі бір мақсатқа тоғысып, елді мекендердің тазалығы мен көркейтуіне, жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға елеулі үлес қосып келеді.

«Таза Қазақстан» бастамасы тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыруды, қоғамдық орындарды күтіп ұстауды, қоршаған ортаны қорғауды және туған жерге деген жана-

шырлықты нығайтуды көздейді. Акция аясында сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер, саябақтар, демалыс орындары мен әлеуметтік нысандардың аумақтары тазартылып, көгалдан-

дыру жұмыстары жүргізілуде.

Ал «Жасыл ел» бағдарламасы – жастарды еңбекке баулу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және экологиялық бастамаларға белсенді қатысуына мүмкіндік беретін маңызды жоба. Бағдарлама аясында жастар абаттандыру, ағаш отырғызу, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын атқарып, туған өлкенің көркеюіне өз үлестерін қосуда.

«Таза Қазақстан» мен «Жасыл ел» – ортақ құндылықтарды дәріптейтін, қоғам мен жастарды біріктіретін маңызды бастама-

лар. Бұл жобалар жастардың еңбекқорлық, жауапкершілік және табиғатқа жанашырлық қасиеттерін қалыптастырумен қатар, экологиялық мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

Әрбір азаматтың қоршаған ортаны таза ұстауға қосқан үлесі – еліміздің тұрақты дамуы мен келешек ұрпақтың жарқын болашағына жасалған маңызды қадам. Сондықтан, тазалықты сақтау тек біркүндік акция емес, әр адамның күнделікті өмір салтына айналуы тиіс.

Таза табиғат – дені сау



қоғамның кепілі. Ендеше, туған жеріміздің тазалығы мен көркеюі жолындағы ортақ іске атсалысып, табиғатты қорғау мәдениетін бірге қалыптастырайық.

Нүргүл МӘЖИТ,
Ұлытау аудандық жастар ресурстық орталығының инспекторы.

Асыл мұра

Ұлағатты дәріптеген белгі

Жақында аудан орталығынан шығысқа қарай 18 шақырым жердегі Арыс медресесі орнына Арыс Сақабайұлының ұрпақтары айшықты белгі орнатты.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Арыс Сақабайұлының өмір жолын Ұлытау жұртына әжіктей таныстыру артық болар. Дегенмен, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында жаңа үлгіде сабақ берген алғашқы мұғалім екенін айта кеткеннің сөкеттігі болмас. Ол кісі қамшының сабындай қысқа ғұмырында елеулі із тастап, ел есінде қалған тұлға. Осы күнге дейін көнекөз қариялар оның есімін құрметпен атайды. Қазыналы қарттар Арыс Сақабайұлын Қаракеңгір өңіріндегі жаңа үлгіде сабақ берген «алғашқы мұғалім» деуі де содан. Осынау тарихи тұлғаның оқу-ағарту саласына қосқан үлесі Қаракеңгір өңірінде өткенін де көне тарихи деректері растап отыр. Біраз жылдан бері Ғалымбек Абуов бастаған Арыс ұрпақтары Қаракеңгір мектебіне Арыс Сақабайұлының есімін беру туралы бастама көтеріп жүргені де сондықтан.

Кешегі қойылған белгі Арыс медресесі болған орынды айғақтайтын айшықты көрініс. Бұл медреседе Арыс Сақабайұлы қаншама шәкіртке білім нәрін септі. Оның шәкірттерінің көпшілігі ауданның дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Сабыржан Досанов, Әбдіхамит Қоңырқұлжинов, Әліпбек Бекетаев, Шабаз



Смайлов сынды тұлғалар – Арыс мектебінен қанаттанғандар.


Арыс Сақабайұлы 1895-1975 жылдары өмір сүрген тарихи тұлға. Ол 1920 жылы Ақмоладағы оқытушылар дайындайтын курсты, 1940 жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық училищені тәмамдап, Үлгілі, Айыртау, Аманкелді, Қарсақбай өңірлерінде мұғалім болды. Әріден айтсақ, Арыс Сақабайұлы негізін қалаған медресе Ұлытау халқын рухани тұрғыдан ілгерілеткен, жаңаша білім берген ағартушылық орталық болды. Сол медресенің арқасында жаңа буын интеллигенция қалыптасты, олар жаһандық өркениет деңгейіндегі заман ағымымен үндесті.

Сонымен, Ұлытау селосының бір бүйірінен орын алған айшықты белгі Арыс Сақабайұлының еңбегін дәріптеуге арналған игілікті істің біреуі десе болады.

Тәлімдік-тәрбиелік мәні зор шараға Ұлытау селосының ар-

дагерлері, музей қызметкерлері, Арыс Сақабайұлының туған-туысқандары, ұрпақтары қатысты. Ерекше сипаттағы басқосуда қазақы қалыптасқан үрдіске сай, ақсақалдық жолмен алғашқы сөз кезегін алған Қиятай ақсақал есті естеліктер айтып, осынау жарқын іске ұйытқы бола білген Арыс ұрпақтарына алғысын білдірді. Бұдан кейін еңбек ардагері Қуаныш Бәйтенев Арыс мұғалімнің ұстаздық еңбегін тың деректермен толықтыра түсті. Мирғұл Абуова Арыс атасының білім саласына сіңірген еңбегін сипаттай отырып, медресенің жетістіктері мен нәтижелерін баяндады. Қоныс Рысбеков бабасы Арыстың өз заманында атқарған тындырымды істері мен ұстаздық жолындағы ұстанымдары хақында ой өрбітті.

Елді есті әрекеттер мен тәрбиеге үндейтін айшықты белгінің лентасын Арыс Сақабайұлының жақын туысы Қуаныш Бәйте-



нов пен ауыл ақсақалы Қиятай Сәрсенов, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей – қорығының директоры Ғалым Оспанов қыды.

Сөз түйінін Арыс Сақабайұлының немересі Ғалымбек Абуов түйіндеп, іс-шараға қатысқандарға шексіз ықыласын жеткізді. Сөз басында айтқанындай, бұл басқосу Арыс мұғалімнің білім саласына сіңірген еңбегін көпшілікке насихаттау мақсатында ұйымдастырылған іс-шара. Оған демеушілік көрсеткен Арыс Сақабайұлының ұрпақтары. Белсенді азаматтар Қаракеңгір мектебіне атасының есімі беріліп жатса, мектеп ауласына Арыс Сақабайұлының кеуде мүсінін орнатуға дайын екендіктерін айтып отыр. Бірақ, ол алдағы күннің еншісінде. Әзірге беймәлім.

Іс-шара соңында Арыс Сақабайұлына құран бағышталып, ас берілді.

Аудандық «Мерейлі отбасы» байқауы

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша сарысулық Дүйсенбековтер отбасы, Мибұлақ ауылынан Әбдірахмановтар отбасы және Сарлық ауылынан Әбділдиндер отбасы жүлделі үшінші орынды иеленді. Ұлытау ауылынан қатысқан Бектемісовтер әулеті мен Байқоңыр ауылынан келген Ағыбаевтар отбасы екінші орынды еншіледі. Ал, бірінші орын жүлдесін Қоскөл ауылынан келген Жаналиндер әулеті жеңіп алды.

Сонымен, «Мерейлі отбасы» байқауының биылғы жеңімпазы Егінді ауылынан келген Смайловтар әулеті болды. Әулеттің әжесі Жаңыл Қуишбаева 82 жаста, «Батыр ана» орденді, «Алтын алқа» иегері, ардагер ұстаз. Отағасы 2006 жылы өмірден озған. Бүгінгі күні балалары әкесі Қоныстан мирас болып қалған «Ерлан» қожалығын дөңгелетіп отыр. Отбасында 11 бала, 41 немере, 22 шөбере бар. Олар ұрпақ сабақтастығын сақтап, отбасы құндылықтарын дәріптеп келе жатқан жарасымды отбасы, көпшілікке үлгі боларлықтай өнегелі әулет.

Байқауда жеңімпаз атанған Смайловтар әулетіне 500 мың теңгенің сертификаты берілді. Сонымен қатар, жүлделі бірінші, екінші, үшінші орынды иеленгендер тиістілігіне сәйкес, дипломдар мен қаржылай сыйлықтарға иеленді. Бұдан бөлек, басқа да қатысушылар түрлі деңгейдегі номинациямен марапатталды. Атап айтсақ, «Өнерлі отбасы» аталымына – Алишевтер отбасы, «Үлгілі отбасы» аталымына – Каримовтар отбасы, «Ордалы отбасы» аталымына – Мырзабековтер отбасы. «Берекелі шаңырақ» аталымына – Уәлиновтер отбасы. «Өнегелі отбасы» аталымына – Мұханбетжановтар отбасы, «Белсенді отбасы» аталымына – Мейрамбековтер отбасы иеленді. Бұл сый-сияпаттарды оларға аудан әкімі Аманжол Мырзабеков өзі табыстады.

Енді алдағы күндері байқаудың аудандық іріктеу кезеңінде бас жүлдеге ие болған әулет «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде бағын сынады. Облыстық байқау Жезқазған қаласында өтпекші.

Білгеніңіз жөн!

Жұмыр жер, аспан астындағы төрткүл дүние, мұның бәрін биосфера тіршілік әлемі десек, бұл негізінде жаратылыс дүниетаным, өмір сүру, қайнап жатқан тіршілік қарекеттері. Осы жаратылыстың ең жоғары сатысы адам баласы. Сол адамның қолынан келмейтіні жоқ. Басқаларынан артықшылығы ойлау жүйесі мен еңбек ету тәсілдері яғни тіршілік әлеміне басшылық жасауында.

Бұл мақаланың жазылудағы мақсаты – ол көзге көрінбейтін, тілге келмейтін, қолмен ұстап білмейтін тылсым дүние. Бұл мал мен жан-ның арасындағы, бірін-бірі түсінетін, бір-біріне мейірімдікпен қарайтын диалог, қарым-қатынас туралы болмақ. Мен өзім бұл саланың маманы, арғы тегім кешегі көшпенді шаруалардың ұрпағы болғандықтан, бүгіндері үлкен шағымда, кешегі-бүгінгі көрген білгенімді өзіммен бірге ала кетпей, оны мына келер ұрпақ, әсіресе шаруашылық саласындағы фермерлерге және барша оқырмандарға осы мақала арқылы жеткізсем деген ой еді. Әуелі мына бір күлкілі жағдайдан бастасақ. «Күлкі деймін-ау!», бірақ мұның шындығы бар еді. Кешегі кеңшар

Тіршілік қарекеттері

қой шаруашылығында Айтмағанбет деген жездеміздің бір отар аналық қой баққан кезеңі еді. Мен жас кезімде сол ферманың шопыры едім. Жазғытұрым қой қоздап жатқан науқан, ол уақытта ауылға уәкіл деген қаптап кетеді. Сол уәкілдер шарбаққа қарап тұрса, бір ешкі қозыны емізіп тұрғанын көріп, оны қойшыдан сұрайды ғой. «Мына ешкі қозыны қалай емізіп тұр?»-дегенде, қойшы(қалжыңбас адам болатын)«Ой, оның несін сұрайсың, бізде ондай қозы табатын ешкі көп» демей ме. Олар ауданға барып осындай ауылда қозы тапқан ешкіні көрдік деп жарнама жасапты. Сонымен не керек, ауданнан арнайы мал мамандары келіп, «Ал ақсақал көне, қозы тапқан ешкіні көрсетіңізші», - депті, «Ой, Құдайым-ай! Ана қозының енесі өлгесін мына ешкінің лағы өлгесін қозыны аман алып қалу үшін мына ешкіге теліп едім. Аналардың айтып жүргені осы шығар»-деп, ешкі мен қозыны көрсетті. Артынан әйелі ұрсып, ел-жұртты шулатып не істеп жүрсің-дегенде, - Қайдан білейін, аналар қазақ болғасын, оған нанбайтын шығар деп едім-депті.

Енді мұны әрі қарай жалғастыра түссек. Биылғы көктемде жаңағы қойшы айтқандай менде қалған қозыны ешкіге телдім. Әуелде алмағасын күштеп емізіп және екеуіне оңаша бөлек орын дайындадық. Олар күндіз-түні бірге тұрғасын ешкі қозыны алып кетті. Бұл шаруашылықта бірінші-

ден қозы аман қалуы, екіншіден ешкіге лағын жоқтатпау, үшіншіден суалтпай сүтін пайдаға асыру. Әрине, бұл оңай шаруа емес, бұл ыждаһаттық пен еңбекті қажет етеді. Мұны діни тұрғыдан қарастырсақ ол обал мен сауапты теңестіру. Ал, енді мұның бәрі көз алдымда. Қозы есейгесін шарбақта жүрген қозыларға көзім түссе, ол қозы басқаларындай емес, шарбақтың ішінде үйілген қи бар еді, сол жерде қозылар төменде жүрсе, ол қидың үстіне шығып алып оқырайып тұрып алады текелер сияқты. Енді тағы бір өзгешелігі, басында жүні(түсі) қызғылт қоңырлау еді, өсе келе түсі өзгеріп, ақшылданып мойын жүндері түсіп, қылшықтанып, ешкіге тартып бара жатқандай көрінді. Мен бұл саланың оқыған маманы биолог ретінде бұл ғылым мен білімде жан-жануарлардың организмінде ДНК деген биологиялық көрсеткіш бар. Жаратылысында бұлардың бір-біріне ұқсамайтындай гендық код берілген. Олар ДНК-дағы нуклиттердің қатар түзеп орналасуына байланысты әртүрлі болып келеді. Сондықтан да қазақ шаруалары бұларды төрт түлік деп, үйретілгендерін мал десе тағыларын жануар деген. Ендігі біліміз келетін генетика ғылымына жүгінсек, жылқы мен есек шағылысқанда одан қашыр (мул) туады да одан әрі қарай тұқым тарамайды. Ал қой мен ешкі бір отарда жүрсе де, бір-бірімен шағылысса да одан нәтиже болмайды. Демек, бұлар-

дың генофондарының әріде жатқандығында. Ал енді, осы қой мен ешкі сүтінің құрамына келер болсақ, бұлар ақуызға бай болғандықтан 50-60 градус ыстықтақ қоюлана бастайды. Мұны шаруалар «қойдың қойыртпағы» деп атайды.Оны ішкенде ас болу қасиеті өте жоғары. Барлық ауруға ем. Бұлар мәйекке тез ұйыды. Бұлардан алынатын ірімшік, ақуызға салғанда үгетіліп, жегенде қоректілігі жоғары, қарныңды ашырмайды. Ал, құрты болса майлы болады. Бұл «құрт көженің» басты патенті. Кешегі соғыс уақытында, осындай қасиеттерін білген соң қой-ешкіні саудырып, олардың сүтінен ірімшік дайындап, майданға жіберіп отырған. Оның шет жағасын біз де көріп, дәмін таттық.

Енді осылайша айта келе, бұл «тәжірибемізден» қандай қорытынды шығаруға болады: Қазақ халқы қандай жағдай болса да, ол ананың сүтімен беріледі – деп оның қасиеті мен құдіретін осылайшы бағалаған. Ал, бұған ілім мен ғылымның шамасы келмейтін көрінбейтін, білінбейтін тылсым дүние. Мұны дінтанушылар жаратқанның жаратылысы - деп түйіндейді.

Қорыта айтқанда, халқымыздың «Адам малды асыраса, мал жанды асырайды» деген сөзі ойға оралады. Ендеше, мал-жан аман болсын шаруалар.

Қадыр ҚҰЛАХМЕТ,
еңбек ардагері.

Тарих толқынында

Сегіз сері ән-жырларының тарихилығы

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Екінші дерек: Кенен Өзірбаев атамыз өз естелігінде: «15 жасымда (1899 ж. – С.О.) Балуан Шолақ Жетісуға келген жолы мен Балуан ағамен бірге Жетісудың талай жерлерін аралап, көптеген әндерін үйреніп алдым», – деп, оның «Ғайни қыз», «Жай қоңыр», «Дікілдек», «Құлан кісінес», «Ыңғай төк», «Қос перне», «Қос барабан», «Өтеді өмір», «Шөкеңнің желдірмесі», т.б. әндерді үйренгенін айтады. Бұл арада Балуан Шолақта «Ғайни қыз» атты әнінің болмауы – әннің Сегіз серінікі екендігіне дәлел (Т. Кененқызы.«Кенен ата», естелік-эссе. Алматы: Қазығұрт. 129-130-беттер).

Үшінші дерек: Академик Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабының 314-бетінде: «...Республиканың еңбек сіңірген артисі Жүсіп Сейілов жасынан енге құмар, күшті дауысты, айналасы үшін «пері соққанның өзі» болған. Ол 1925 жылы кеңес-партия мектебінде оқып жүргенде, Ақтөбенің педагогикалық техникумымен бірігіп қойған «Сегіз бен Мақпал» пьесасында Сегіздің рөлін тамаша сомдаған. Оркестр, фортепиано жоқ кезде, сүйемел жоқта спектакльді аяғына шейін бір мүдірмей, Сегіздің рөлін драмалық және музыкалық жағынан да жақсы орындап шыққан. Оның даусы аса жоғары лирикалық тенор болатын», – дейді.

...Бар ойым Алматыға жолым түссе, Жәнібек ағаға жинаған деректерімді апарып беру еді. Алпа тағала ол күнге жеткізбеді 2002 жылы Жәкең жол апатынан қайтыс болды. Жиналған материалдарды кімге берерімді білмей дал болдым, содан, «Қой, ағаның аманаты ғой...» деп, қал-қадірім жеткенше өзім зерттеуге нар тәуекел еттім.

Қорытындысында 2005 жылы Астананың 1800 адам сыятын «Конгресс холл» сахнасында «Сегіз сері – жұлдызы алашымның» атты ән көшіні өткізіп, өз орындауымда жазылған Сегіз серінің 20 әнінің «Алқоңыр» атты CD диск әндер жинағын композитор Е.Рахмдиевтің алғысөзімен, Келік және коммуникация министрі Қажымұрат Нағымановағамныңдемеуімен шығарып, тұсаукесерін жасадым.

Ән көшінің кіріспесін этнограф-ғалым ағамыз Ақселеу Сейдімбек жасап, Сегіз сері бабамыздың басы даудан арылмай тұрғанын, XIX ғасырда сары орыстардан қорлық көрсе, бұл ғасырда «қара орыстардан» зорлық көріп отырғандығын ашына айтты. Өкінішке орай, біз – 300 жыл бойы «ұлы халықтың» бодауында болған жұрттыз. Сондықтан санасы мәңгірттеніп бара жатқан жастарымызға тағылым болатын тарихи шындық, танымдық серпіліс қажет. Бүркемеленіп келген ата тарихымызда өмірде де, өнерде де бағы ашылмаған Сегіз сері, Нияз сері сияқты тұлғаларымыз баршылық. Өзімің де кезінде осы Сегіз сері жиынтық образ емес пе екен деген ойда болғанымды жасырмаймын.

Ал ақыл таразысына салып, зерделей келе Сегіз серіге деген көзқарасым мүлдем өзгерді. Өттеген-айы, «Алқоңыр», «Назқоңыр», «Мақпал», «Гауһартас», «Қарғаш», «Қарғам-ау», «Дайдидау» сынды ән маржандарын дүниеге әкелген Сегіз сері бабамыз босағадан сығалап тұрғаны налытады.

«Біз – өз тұлғаларымызды танып, білуде орыстың мәңгірттендіру саясатынан аса алмай жүрген сорлы халықпыз. Оған ешқандай күмән келтірудің қажеті жоқ. Сегіз сері әндерінің қай-қайсың алсаң да, бір хас зергердің қолынан шыққан алтын қасықтай ұқсастығына куә боласың. Басқа қандай дерек қажет, айналайындар-ау?!» – деп күйініп.



«Өкініштісі сол, мына рухани таяздығымызға қоса рушылдық, көреалмаушылық, іштарлық деген «шылықтардан» айыға алмай келеміз... Сегіз сері бабамызға байланысты Омбы архивінде дерек көздері жеткіліксіз болса, Петербург архивтерінен іздестіруге ақыл қосамын», – дей келе «Алқоңыр» атты Сегіз сері әндерінің CD дискісінің тұңғыш жарық көруімен жиналған көрермендерді құттықтап, концертке сәттілік тілеп еді.

Республикаға танымал ақын Аманжол Әлтайбауырым арнау айтып, кешті сегізтанушы ғалым, ақын Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді.

Кеште Сегіз серінің ақындық арыны туралы Кәкімбек Салықов, композиторлығы туралы Еркеғали Рахмадиев, сал-серілігі туралы Сәкен сері Жүнісов сөз сөйлеп, соңынан өз өнерлерін көрсетіп, Кәкімбек аға өлең оқып, Еркеғали аға күйсандықта ойнап, Клара жеңгеміз «Гауһартас», «Мақпал» әндерін тамылжитса, Сәкен сері «Ақбақай» әнін әуелетті. Осылайша Сегіз сері шығармашылығына арналған керемет әсерлі ән көші өткеніне өнерсүйер Астана халқы куә.

Менің бойтұмарыма айналған Сегіз серінің «Ғайни» атты әні Исатайдың үзеңгілес досы, батыр Қабыланбай Қосаяқовтың қызы Ғайнижамалға арналғандығын драматург-жазушы Рахымжан Отарбаев ағамыз дәлелдеп, сегізтанушы ғалым, ақын Дәулеткерей Кәпұлына хат жолдапты, онда: «Бұл әнді әжем айтып отырушы еді. Оны шығарған – Сегіз сері. Ол Қабыланбай батырдың жалғыз қызына ғашық болыпты», – деген.

Жоғарыдағы тұсаукесерге дайындық барысында Сегіз серінің «Алқоңыр» деген атпен жарық көрген 20 әнін әуелі аудиокассетаға жаздырып, елдің көзі үйренген «Қазақ әндері» антологиясындағы мәтіні бойынша орындап, шығармасын бұрын тағы да ақылшым әрі сыншым этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбек ағама апарып тыңдатып, сын тезіне салдырғанмын.

Ахаң ескертінде: Біріншіден, Сегіз сері әндерін «Қазақ әндеріндегі» мәтінмен орындағаның ағаттық болған. Мен өз халқымның әндерін жамандағаным емес, бұл жинақтағы әндер мәтіні – тегіс «кеңестік-партиялық» тазалаудан өткен сүреңсіз, жасанды дүниелер. Ана Жәнібек ағанның «Төл сөз түрмеде кетті, жаңадан жасалған мәтіндер адам жүрегіне сәулесін түсіре алмады» деп шырылдауы ақиқат. Өзің ойлашы, өлең мәтініндегі құдай аты, жер-су, ру, адам аттары, архаизм (көне сөздер) алынып тасталды. Мысалы, атақты Естай ақынның «Қорланындағы»:

«Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын,
Құдайым берген екен күн мен айын», – деген тамаша өлең мәтіні «Табиғат берген екен күн мен айын» болып шыға келді (Бүләңгімені маған фольклортанушы-академик Сейіт Қасқабасов ағам да айтқан болатын – С.О.).

Ал «Өсет пен Кемпірбайдың бақулдасуындағы»: «Ішінде Арғын, Найман салдым айғай», – деген жері «Ішінде халқымның салдым айғай» болып өзгертілді.

Бұл деген масқара емес пе?! Сондықтан, Сегіз сері бабамның мұрасын тірілтің келсе, төл мәтінмен айтуға тырыс.

«Сәулем-ай» әнінің басқы шумағындағы «ақауданға» сөйлемі – «ақ қауданға» (қау – қалыңескеншөп). Басқа ескертуді мынадан оқысың, – деп маған бір жапырақ қағазды ұсынып, ақыл-кеңесін айтып шығарып салды.

Үйге келіп қағазды ашсам, әр енге жеке-жеке тоқталып, дыбысты қалай созу керектігіне, сөйлемдегі қателерге тоқталып, кейбір жасанды шумақтарды өтірік алдыңғы екі шумағы жетеді деген сияқты ескертудерге қоса, ал өлең аты «Илігай» емес, «Елік-ай» деп, мәтінін ерінбей маржандай жазуымен:

«Айналайын көзіңнен, қара қасым,
Қара мақпал жібектей жұмсақ шашың.
Баласыңдай еліктің елсіздегі,
Сені ойласам мөлдірер көзден жасым.

Елігай деп атыңды қойдым таңдап,
Ән шықадым әдейі өзіңе арнап.
Еркін таудың баласы елік болсаң,
Мен де сендей еркінмін өскен саңлақ», – деп жазыпты.

Ал, «Қаракөз» әнінің мәтінін: «Бұл кино сөзі, дұрыс қайырмасы мынадай:

«Өппақ етің қояндай,
Шошып сәулем оянды-ай.
Ғашық болған Қаракөз,
Қызығыңа тоя алмай.
Ей, сүмбіл шаш,
Қара көзім,
Тәтті сөзің.
Болсайшы барғанымда
Жалғыз өзің», – деп қоса жазып жіберіпті.

Сонымен қатар, «Тілеуқабақ» әнін ру аты «Тілеу, Қабақ» деп түзетіпті. Қандай да бір іс болсын бар жанын салып, аса үлкен ыждахаттылықпен қарайтын қайран Ахаңның сол 20 әнге жасаған сын-ескертпелері негізінде CD дискіні жаңадан қайта жаздырып, Ахаңның ақ батасымен осылайша жарық көрген еді.

«Зерттеуіңді әлі де болса жаңа деректермен толықтыра түс, елдің анау айтыпты, мынау айтыпты дегені бос сөз. Алған бетіңнен қайтпа.

«Сегіз сері мен Нияз серіні жоқ деп жүрген адамдардың өздері жоқ. Бұл ара-

да сүйенер жалғыз тірегің – архивтік дерек пен нақты айғақтар болуы керек, айналайын», – деп ағалық ақылын айтып, арқамнан қаққан еді.

Өртеніп тұр-ау өзегім, бауырым саған не дейін?!» деп басталатын өлеңмен қайтарған жауабы бар, соны тауып беремін», – деп еді. Өкінішке орай Алла ол күнге жеткізбеді... Ал, бір шумақ өлеңді мен жаттап қалдым.

Және: «1938 жылы Исатай Тайманұлы қаза болған күні Махамбеттің қарт анасы Қосуан әже де қайтыс болып, қос бірдей ауыр қайғысын бөлісуге Сегіз сері бір топ серіктерімен барып өлеңмен жоқтау айтқанда Махамбеттің Сегізге айтқан:

«Уа, Сегіз сері ерім-ай, жоқ еді-ау
сенің теңің-ай,
Жүзге жалғыз шабатың, тектінің
көкжал өзі едің.
Бес жүз сарбаз басқарып, тобыма
менің көп едің,
Исатайдан айрылып, қанатымнан
қайрылып,

Өртеніп тұр-ау өзегім, бауырым саған не дейін?!», - деген.

Бұл арада ескере кететін бір жағдай, өнер зерттеуші А.Затаевич 1921-1923 жылдары халық арасында экспедициямен ән-күй жинап жүріп оба ауруына шалдығады, сол себептен оның ән ордасы Көкшетау мен Қызылжар губернияларына бара алмағаны өкінішті. «Тек қана бір өкінішім – Солтүстік Қазақстанда, әсіресе Көкшетауда бола алған жоқпын». А.В.Затаевич (С.Мұқанов. «Өсу жолдарымыз». А. 1960, 561-б.).

Болмаса сол кезде Сегіз серінің көзін көріп, ән-жырларын орындайтын көнекөздер бар еді. Баласы Мұсайын мен Үкілі Ыбырайдың өзі қаншама дерек берер еді.

Жоғарыдағы әндердің таралу географиясына қарасаңыз, сол кездің өзінде Сегіз сері әндері бүкіл қазақ даласын шарлап кеткендігінің куәсі боламыз. Олай болу себебі: Орынбор, Атырау мен Арал теңізі аралығын паналап, төрт жылдай патша ағзамнан қуғын көріп, бой тасалаған жерлерінде әндерінің халық жадында сақталып, жан-жаққа, ауыздан-ауызға тарағандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, жоғарыдағы деректе айтылғандай, Сегіз серінің ұлдары Мұстафа (1840-1899) мен Мұсайын да (1843-1920) өнерден құралақан болмағанын білеміз. Үкілі Ыбырай (1851-1932) «Жақсыларға» деген өлеңінде:

Қазақтың түгел көрдім кедей-байын,
Айтпай-ақ білетұғын ердің жайын.
Сегіздің Мұстафасын ұстаз тұтып,
Шырқадым ол шығарған «Қамажайын», – деген.

(А.Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында №65 ән – «Қамажайды» ақмолалық әнші Әбдірахман Бегішевтен жазып алған).

Сонымен қатар, Мұстафа «Кербесті» әнінің де авторы болып табылады. Баласы Сегіз сері Мұстафамын, Өнерді пайдаға әр кез ұқсатамын. Ертісте Қамажайға жолықпақ боп, Омбыға Қызылжардан түн қатамын.

Мен баптап Кербесті атты жаратамын,
Қалайша жарды көрмей тек жатамын?
Қасымда бір топ сері ән салғанда,
Шылбырын жүйрігімнің шұбатамын.

Белбеудің ұшын жимай шұбатайын,
Тобыма әсем әнді шырқатайын.
Кербесті ат қысқа таңға аштан өлмес,
Бастасып Қамажаймен бір жатайын.

«Қамажайдың елі Омбы өзенінің Қара Ертіске құятын сағасын мекендеген. Мұстафаның артында мол мұра қалған. Олардың бізге жеткені – «Қамажай», «Кербесті», «Қаһарман» әндері, «Жүсіп

– Зылиха», «Шәкір – Шәкірат» дастандары бар. Оның айтулы сазгер болғаны анық.

Жоғарыдағы айғақтарға сүйенсек, «Қамажай» әні Мұстафаникі екені еш дау туғызбайды», – дейді қызылжарлық ардагер ұстаз Шолпан Садықова (23).

Сегіз сері баласы Мұстафаға шәкірт болған әйгілі әнші-композитор Балуан Шолақ Баймырзаұлы (1859-1918) 1896 жылы Кіші жүз еліне барған сапарында шығарған «Бес қоңыр» атты өлеңінде Сегізді былай деп жырға қосады:

Сегіздей серіні мен көргенім жоқ,
Көрмесем де естімей жүргенім жоқ.
Біржаннан қанып оның жолын құдым,
Жақсыны одан басқа білгенім жоқ.

Мен Шолақ сол Сегізге еліктедім,
Сыйладым жасы үлкенді, желікпедім.
Қатарымнан күшім артық болса-дағы,
Ешкімді «жамансың» деп кемітпедім.

Байлардың есігінде жүрмей жалға,
Жасымнан шәкірт болдым Біржан салға.
Сегіздің Мұстафасы қамқоршы боп,
Үйретті әр түрлі ойын біздей нарға.

Сегіздің үшінші ұлы Мұсайынның да өнерден құралақан болмағанына оның әкесіне арнаған:

Әкеміз Кенеге ермей Арқадағы,
Шығарып талай дастан, әсем әнді.
Кіші жүз, Қоңырат, Найман елде жүріп,
Жыр еткен өзі көрген замананы.

Нағашым – Бағаналы, затым – Керей,
Жүйрік ем озып жүрген бәйгекердей.
Серілікті жиырма үш жаста мен тастадым,
Жақсының сөзін тыңдап Есенедей.

Көрсө де жетімдікті ғарып болсам,
Әкемнің сақтап қалдым қолжазбасын.
Қадымша хат жазатын сауатым бар,
Әлеумет, айтар болсам сөздің расын.

Әкем – Сегіз, Мұсайын – менің атым,
Біржанға шәкірт болып шыққан даңқым.

Исатай, Махамбет пен Ер Бекетті
Жыр еткен жария болды жазған хатым, – деген өлеңі дәлел.

Мұсайын Сегіз серіұлы заманында ірі балуан, әнші-ақын, жан-жақты қолөнер иесі және емші болыпты. Оның артында «Жанайдар батыр», «Хан Кене», «Кене-сары – Наурызбай», «Ер Бекет», «Қоянақ», «Айсары – Шорман», «Ер Жиенбай – Қыз Балқия», «Қуандық бай», «Жаяу Мұса – Гүлшахима» атты хисса-дастандары бар. Олар Қазақстан Ұлттық академиясының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы дейді халық ауыз әдебиетін жинақтап, сал-серілер мұрасын зерттеуші Нәбиден Әбуталиев.

Ыбырай Сандыбайұлы «Қалдырған» атты өлеңінің бір нұсқасында:

Сегіз сері ұлынан
Бата алған әншің мен едім.
Бәйге алған той мен жиында,
Тұлпармен мініс тең едім.
Мұсайын берген домбыра,
Өмірлік серік сен едің.
Шәркеге еріп жүргенде,
Төре ұлымен тең едім, – дейді.
Сондай-ақ, Үкілі Ыбырай бабамыз-дың:

Өлеңге аудармақ боп жүрт назарын,
Әр жерде ашып жүрмін ән базарын.
Біржаннан үйреніп ап, салып жүрмін
Сегіздің «Шолпан қаққан», «Тік шы-рқауын», – деп өзім орындап тұрған әндерін қыстап өркімге теліп жүрміз. Бұл алдыңғы толқын өнер зерттеуші ағаларымыздың жіберген ағаттығы деп ойлаймын.

Серік ОСПАНОВ,
өнер зерттеушісі.

Ұлытау облысы Ұлытау ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына, «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі № 26/41 қаулысына сәйкес Ұлытау облысы Ұлытау ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Ұлытау ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы – Ахметов Мақсұт Қыздарбекұлы

Төрағаның орынбасары – Дүйсенбаев Алмат Дүйсебекұлы

Хатшысы – Шагирова Сандұғаш Нұрсағиқызы

Комиссия мүшелері:
Абилова Айна Бейсалықызы
Айтбек Ержан Айтбекұлы
Ауғанова Гүлнар Мәдениетқызы
Базылов Медет Маратұлы

Орналасқан жері: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 23. тел: 8 (71035) 21660
Ұлытау ауданының «Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің ғимараты
Аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-13.00, 13.00-14.30 - түскі үзіліс, 14.30-18.30

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№ 103 Алғабас учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Алғабас селолық округі Бетбұлақ селосы Берден көшесі - 11, Клуб үйі тел: 8-710-413-40-10-20

Төраға - Бираяков Калихан Кабылбекович
төраға орынбасары–Аширбеков Байғали Еламанович
хатшы – Абеннова Айман Гаухаровна
Комиссия мүшелері: Есекенова Түлеукуль Абдугалиевна, Есенбекова Гульжанат Куандыковна

№104 Ақтас учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Ақтас кенті Аманкелді көшесі - 5, Клуб үйі тел: 8-710-595-08-80

Төраға–Жомартова Гульжан Кенесбаевна
Төраға орынбасары - Рахимбекова Гульбану Ондурбековна
хатшы - Нығымет Алия Болатқызы
Комиссия мүшелері: Абдурахитов Айтжан Қайырұлы, Берлибекова Сабиратқызы.

№105 Қыпшақбай учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Ақтас кентінің Пионер елді мекені, Пионер көшесі-3, №5 Пионер негізгі мектебі тел: 8710-412-00-50

Төраға – Омарова Нұргүл Амантайқызы
төраға орынбасары - Нұрғалиев Бағдат Жағыпарұлы
хатшы - Түлегенова Есенкуль Алибаевна

Комиссия мүшелері: Есильбаев Шакизада Рашидович, Тогызбаев Куандық Маратович.

№106 Сарлық учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Аманкелді селолық округі Сарлық селосы Аманкелді көшесі 1, Клуб үйі тел :8-710-41-22-1-79

Төраға- Тилеубаев Аян Ергалиевич
төраға орынбасары – Абикинов Айдос Куанышович
хатшы - Абеннова Гулсары Исатовна
Комиссия мүшелері: Ергалиев Батырлан Баракбаевич, Құрманәлі Гүлім Баршынбекқызы

№107 Борсеңгір учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы, Борсеңгір селолық округі Борсеңгір селосы, Қазақстан көшесі

- 7, Клуб үйі, тел: 87103423691

Төраға –Төлеген Қайрат Абдугалиұлы
Төраға орынбасары – Бексейтова Куралай Берлибековна
Хатшы – Шойбекова Шахизат Кураловна

Комиссия мүшелері: Аубакирова Жаннат Кадырхановна, Боханов Серик Амантаевич.

№108 Егінді учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы, Егінді селолық округі Егінді селосы Ерден көшесі - 2, Клуб үйі, тел: 87105951014

Төраға –Уртембаев Шахзада Түлегенович
төраға орынбасары - Қрыжигитов Галымжан Нысанбекович
хатшы – Абишев Нұрсұлтан Алдабергенұлы
Комиссия мүшелері: Айранбаева Сандұғаш Сакеновна, Муханова Жансая Каныбековна.

№109 Байқоңыр учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Жангелді селолық округі Байқоңыр селосы Рысқұлов көшесі - 9, Мәдениет үйі тел. 87104123211

Төраға - Әбдіғазин Кеңесары Нұрланұлы
төраға орынбасары –Алтаева Замира Амирбековна
хатшы – Укашева Мария Алимбековна
Комиссия мүшелері: Қазы Біржан Мәжитұлы, Құдайберген Нұрсұлтан Бектұрсынұлы.

№110 Жезді учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы, Жезді кенті Құттымбет көшесі 19, Мәдени сауықтыру орталығы тел: 87103421934

Төраға - Молдабаева Лаззат Куанышевна
төраға орынбасары - Баймуратов Бауыржан Бекетаевич
хатшы – Жакенова Айдана Жумабаевна

Комиссия мүшелері: Ерденова Жаннур Айнабековна, Смагулова Асел Умиртаевна.

№111 Өрнек учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Сәтбаев көшесі 9, № 6 Орта мектеп, тел: 87103421732

Төраға – Смагулова Нуржамал Турсунбековна
төраға орынбасары – Ертисбаева Айдын Есмағанбетовна
хатшы - Хамитова Маржан Тоқсейтовна

Комиссия мүшелері: Газизова Нурай Курмангазықызы, Алмағанбетова Алмагуль Алпысовна.

№112 Абай учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Құттыбаев көшесі 4, Жезді кентінің мектеп-интернаты тел: 87103421695

Төраға - Әлсейт Гулмира Әлсейтқызы
төраға орынбасары- Даулетярова Сандұғаш Болатовна
хатшы – Баймуратова Меруерт Туралиевна

Комиссия мүшелері: Әлмағанбет Жансая Бекзатқызы, Қордан Гүлназ Қорданқызы

№113 Қаракеңгір учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Қаракеңгір селолық округі Бозтұмсық селосы, Орталық көшесі 81, Клуб үйі, тел: 8710-41-24-4-24

Төраға – Курганбаева Гулшат Баяхметовна
төраға орынбасары – Ажахмет Тұрсынбек Махсатұлы
хатшы – Қожабай Жансая Жомартқызы

Комиссия мүшелері: Мышанов Ерболат Бакенович, Усенова Гүлжанат Былаловна.

№114 Қарсақбай учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Қарсақбай кенті Болман ақын көшесі 74, Мәдениет үйі, тел: 8710-41-23-4-11

Төраға – Ибраева Айткул Түлегеновна.
төраға орынбасары – Телбаев Бегарыз Шарипович
хатшы – Биназарова Сауле Казыбаевна

Комиссия мүшелері: Қазыбай Жандос Ерболұлы, Есенбаев Дархан Абдималикович

№115 Балбырауын учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Қарсақбай кенті Сәтбаев көшесі 9, Агротехникалық колледж, тел: 8710-41-23-4-22

Төраға – Шалғынбаев Аспан Сабырбекович
төраға орынбасары – Қордан Досым Аскербекұлы
хатшы - Мүгір Ақжан Жомартқызы
Комиссия мүшесі: Әбілқасым Сералы Елубайұлы, Сәбиғат Айгүл Нұрболатқызы

№116 Қоскөл учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Қоскөл селолық округі Қоскөл селосы Сәтбаев көшесі 15, Клуб үйі, тел: 87104131054, 8-777-890-88-23

Төраға - Көбеген Ардақ Иманбекұлы
төраға орынбасары - Түсіпбеков Ербол Сакташұлы
